


4 ТАҚЫРЫП. ЖЕКЕШЕ НОТАРИУСТЫҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ. НОТАРИУСТЫҢ БОС ОРНЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ЕСЕПТІК ТІРКЕУ.

- 1. Әділет аттестаттау комиссиясы.**
- 2. Жекеше нотариалдық қызметпен шуғылдануға лицензия беру тәртібі.**
- 3. Жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, тоқтату және лицензиядан айыру.**
- 4. Нотариустың бос орнына үміткерлерді есептік тіркеу.**


1.ӘДІЛЕТ АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫ

2012 жылдан бастап нотариалдық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдарында құрылатын нотариалдық қызметпен айналысу құқығына әділет **аттестаттау комиссияларында аттестаттаудан өтеді.**

Нотариалдық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау **комиссиясы жеті мүшеден** - нотариалдық палатаның төрағасын қоса алғанда екі нотариустан, аумақтық әділет органының екі өкілінен, құқықтанушы-ғалымнан және мәслихаттың екі депутатынан тұрады.



Нотариалдық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы оны аттестаттауға жіберу туралы өтінішін *тұрғылықты жері бойынша тиісті нотариалдық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясына жолдайды.*

Аттестаттауға жіберуден бас тартылған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш түскен күннен бастап *он бес жұмыс күнінен кешіктірмей* дәлелді шешімді үміткерге жібереді.  Аттестаттауға жіберуден бас тартуға заңда белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Аттестаттау мынадай екі кезеңнен тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуден компьютерлік тест тапсыру;
- 2) емтихан билеттері бойынша ауызша тапсырманы орындау.

Үміткер өз таңдауы бойынша тестілеуден қазақ немесе орыс тілінде өтуге құқылы. Тестілеу компьютер техникасын пайдалана отырып өткізіледі.

Аттестаттау нәтижесі бойынша нотариалдық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы дәлелді шешімді аттестаттау *өткен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей шығарады.*

Аттестатталғаны туралы комиссия шешімі ол шығарылған кезден бастап *үш жыл бойы жарамды* болып табылады.

2. ЖЕКЕШЕ НОТАРИАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ШУҒЫЛДАНУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕТІН ЛИЦЕНЗИЯ БЕРУ ТӘРТІБІ

- Нотариалдық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген лицензия (нотариус лицензиясы) жекеше нотариуска нотариалдық іс-әрекеттер *жасауға уәкілдік береді.*
- Нотариалдық қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің *Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті жүзеге асырады.*
- Нотариус лицензиясы мерзімі шектелмей берілетін басты лицензия болып табылады және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады. Нотариус лицензиясын беру үшін алым алынады, оның мөлшері айлық есептік көрсеткіштің 6 есесін құрайды.



- Лицензияны лицензиар өтініш берілген күннен бастап *отыз жұмыс күнінен кешіктірмей береді.*
- Лицензиар өтініш берушінің өтінішіне қоса берілген құжаттардың толықтығын және анықтығын тексереді.
- Лицензия жоғалған, бүлінген кезде лицензиаттың оның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Өтініш берушіге келесі жағдайларда лицензия беруден бас тартылуы мүмкін:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;
- 2) талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе лицензия беруден бас тартылуы мүмкін. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде қаралады;
- 3) лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмесе;
- 4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
- 5) өтініш берушіге қатысты оған нотариалдық қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
нотариалдық қызметпен айналысу құқығына
лицензиялардың Мемлекеттік тізілімін жүргізеді және
ведомстволық баспасөз органында нотариалдық
қызметпен айналысуға лицензия берілген адамдар
туралы мәліметтер жариялайды, онда:

- 1) нотариустың тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) лицензия берілген күн мен оның нөмірі көрсетіледі.

Нотариус лицензиясын беруден бас тарту негіздері ҚР
«Лицензиялау туралы» заңымен белгіленеді.

Лицензияны беруден бас тартылған жағдайда өтініш
иесіне ол қабылданған күннен бастап үш күн ішінде
бас тарту себептері көрсетіле отырып жазбаша түрде
дәлелді шешім беріледі. Бас тарту туралы шешім
жөнінде сотқа шағымдануға болады.

3. ЖЕКЕШЕ НОТАРИУСТЫҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ КҮШІН ТОҚТАТА ТҰРУ, ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРУ.

Нотариус лицензиясының күші алты айға дейінгі мерзімге мынадай жағдайларда тоқтатыла тұрады:

- 1) нотариалдық қызметпен айналысу құқығына лицензияны одан айыру жөніндегі талапарыз ісін қозғағанда;
- 2) нотариус қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде тартылған жағдайда;
- 3) нотариус өзінің тегін, атын, әкесінің атын өзгерткені туралы мәліметтерді аумақтық әділет органына бір ай ішінде хабарламағанда;
- 4) нотариус Заңға сәйкес өзіне белгіленген қызмет аумағын бұзғанда;
- 5) нотариус мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соққан нотариалдық іс-әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;
- 6) әділет органдарында есептік тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша нотариустың нақты үй-жайы болмағанда;
- 7) Нотариат туралы Заңның 15 бабының 4 тармағының талаптарын сақтамағанда (үй-жайы туралы);
- 8) сол Заңның 19 бабында көзделген шектеулер сақталмағанда;
- 9) егер нотариусты есептік тіркеуге қойған күннен бастап үш ай өткен соң нотариус практикалық нотариалдық қызметіне кіріспегенде.

Нотариус лицензиясынан **айыру** прокуратура органдарының, немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, не Республикалық нотариалдық палатаның талап қоюы бойынша *сот шешімімен мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:*

- 2) жекеше нотариус нотариустың ар-ождан Кодексін бірнеше рет бұзғанда;
- 3) нотариус нотариалдық іс-әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте бұзғанда не мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіріп, заңдарды бұзғанда;
- 4) лицензияның күшін тоқтата тұру себептері жойылмағанда;
- 5) лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттарда нотариустың дәйектемесіз немесе қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталғанда;
- 6) лицензияның күші үш мәрте тоқтатылғанда;
- 7) нотариус кәсіптік қызметін аумақтық әділет органдарында тиісті есептік тіркелусіз жүзеге асырғанда.



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шешімі бойынша мынадай жағдайларда нотариус лицензиясының күші тоқтатылады:


- 1) нотариус өз тілегімен өтініш бергенде;**
- 2) нотариус азаматтығын өзгерткенде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрғылықты мекен-жайына кеткенде;**
- 3) нотариус қайтыс болғанда;**
- 4) нотариус қылмыс жасағаны үшін сотталғанда - үкім заңды күшіне енгеннен кейін;**
- 5) нотариусқа қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шыққанда;**
- 6) нотариус заңдарда белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылғанда;**
- 7) денсаулық жағдайына байланысты нотариустың өз кәсіптік міндеттерін атқаруы мүмкін болмағанда (медициналық қорытынды негізінде);**
- 8) нотариус хабар-ошарсыз кеткен деп танылғанда немесе қайтыс болған деп жарияланғанда.**



4. НОТАРИУСТЫҢ БОС ОРНЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ЕСЕПТІК ТІРКЕУ

Жеке нотариустарды есептік тіркеу (бұдан әрі - есептік тіркеу) келу сипатында болады және Конкурстық комиссияда оң қорытынды алған және нотариалдық палата мүшелігіне енген адамды тиісті нотариалдық округтің жекеше нотариустары туралы деректер банкін қалыптастыру мақсатында әділет департаментінде есепке қою болып табылады.

Конкурстық комиссияда оң қорытынды алған және нотариалдық палата мүшелігіне енген адам (бұдан әрі - өтініш беруші) әділет департаментінде есептік тіркеуден өту үшін белгіленген нысанда өтініш береді.



**Есептік тіркеуге қою туралы өтінішті
әділет департаменті ол келіп түскен
күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде
қарайды. Өтінішті қарау нәтижесі
бойынша әділет департаменті өтініш
берушіні есептік тіркеуге алу туралы
шешім қабылдайды және нотариалдық
палатамен бірлесіп бос орын
жарияланғаннан оған қызмет аумағын
айқындайды.**



Есептік тіркеуге қоюдан құжаттардың толық пакетін бермеген жағдайда бас тартылуы мүмкін. Есептік тіркеуге қоюдан бас тартуға сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

Есептік тіркеуге алынған жекеше нотариус бір ай мерзімде әділет департаментіне:

1) әділет департаменті мен нотариалдық палата белгілеген қызмет аумағында үй-жайдың барлығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін (жалға беру, сатып алу-сату шарты және т.б.);

2) салық органында жекеше нотариусты салық төлеуші ретінде тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесі;

3) жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) жекеше нотариустың жеке мөрін дайындау туралы өтінішті ұсынады.



Жекеше нотариус нотариалдық палата мүшелігінен шығу туралы өтініш бергенде нотариалдық палата ол туралы үш жұмыс күнінің ішінде әділет департаментіне хабарлайды. Жекеше нотариустың оның нотариалдық палатадан шығатыны туралы хабарлама келіп түскен соң **әділет департаменті нотариалдық палатамен бірлесіп бір ай мерзімде мынадай іс-шараларды:**

- 1) жасалған нотариалдық іс-әрекеттердің заңдылығын тексеру-ді және жекеше нотариустың анықталған бұзушылықтарды жоюын;**
- 2) жекеше нотариалдық мұрағатқа нотариалдық құжаттарды қабылдап-тапсыруды;**
- 3) жекеше нотариустың жеке мөрін алып қою мен жоюды;**
- 4) лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жекеше нотариустың лицензиясын алып қоюды және Әділет министрлігіне жіберуді жүзеге асырады.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

